## «BUSINESS-ARU» КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### 1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1.1. Осы ережелер грант алуға арналған «Business-Aru» конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін реттейді.
1.2. Конкурстың негізгі мақсаты – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру және қолдау.
1.3. Конкурсқа Қазақстан Республикасының жұмыс істеп тұрған және кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлері қатыса алады.
1.4. Конкурс қорытындысы бойынша үздік жобалар Грантқа үміткер ретінде таңдалады.
1.5. Конкурстың ұйымдастырушысы – «Банк ЦентрКредит» АҚ.
1.6. Конкурстың серіктестері – Mastercard және «Қазақстандағы Әйелдер Бизнесі» жобасы атынан Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі.
1.7. Конкурс ашық іс-шара болып табылады және оны өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы арқылы реттеледі.
1.8. Конкурсқа жұмыс істеп тұрған және кәсібін жаңа бастаған әйел кәсіпкерлер, сондай-ақ құрылтайшысы әйел болып табылатын компаниялар қатыса алады.
1.9. Конкурсқа қатысу тегін.
1.10. Конкурстың мақсаты:

- Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін танымал ету;
- Әйелдерді өз кәсіпкерлік әлеуетін пайдалануға ынталандыру;
- Бизнес жүргізу дағдыларын үйрету;
- Үздік бизнес-жобаларды қолдау.

### 2. КОНКУРСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1. «Business-Aru» үздік бизнес-жобалар конкурсы Mastercard серіктестігімен және «Қазақстандағы Әйелдер Бизнесі» бағдарламасы аясында Еуропалық қайта құру және даму банкінің қолдауымен өтеді.
2.2. Бұл конкурс әйелдер бизнесін қолдауға бағытталған.

## ПРАВИЛА КОНКУРСА «BUSINESS-ARU»

### 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящее правила регулирует порядок и условия организации и проведения конкурса «Business-Aru» на получение гранта (далее - Конкурс).
1.2. Основной целью данного конкурса является стимулирование и поддержка женского предпринимательства в Казахстане.
1.3. В Конкурсе могут принимать участие как действующие, так и начинающие предприниматели Казахстана.
1.4. Лучшие проекты, по итогам Конкурса, будут номинированы на присуждение Гранта.
1.5. Организатором Конкурса является АО «Банк ЦентрКредит»
1.6. Партнерами Конкурса являются Mastercard и Европейский Банк Реконструкции и Развития в лице проекта «Женщины в Бизнесе Казахстан».
1.7. Конкурс является публичным мероприятием, порядок его проведения регулируется законодательством Республики Казахстана.
1.8. Для участия в Конкурсе приглашаются действующие и начинающие женщины-предприниматели и компании, где учредителем является женщина (ы).
1.9. Участие в Конкурсе бесплатное.
1.10. Цели Конкурса:

- популяризация женского предпринимательства в Казахстане
- мотивация женщин использовать свой предпринимательский потенциал
- обучение навыкам ведения бизнеса,
- поддержка лучших бизнес-проектов

### 2. ОПИСАНИЕ КОНКУРСА

2.1. Конкурс на лучший бизнес-проект «Business-Aru» проводится в партнерстве с Mastercard и при поддержке Европейского банка реконструкции и развития в рамках программы "Женщины в бизнесе".
2.2. Данный конкурс направлен на поддержку женского бизнеса

2.3. Конкурс Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі әлеуметтік жоба аясында өткізіледі, жеңімпаздарға бизнесті ашу немесе дамыту үшін қайтарымсыз гранттар беріледі.

2.4. Конкурсқа қатысушыларға үш негізгі модульден тұратын онлайн-оқыту мини-курсына тегін қатысу мүмкіндігі беріледі: «Қаржы», «Маркетинг» және «Сату». Бұл курс барлық әйел-кәсіпкерлерге, сарапшыларға және өз бизнесін бастағысы келетін әйелдерге арналған.

2.5. Оқу курсының барлық модульдерін, қосымша вебинарлар мен тесттерді өткеннен кейін қатысушылар әр модульден кейін 10 000 000 (он миллион) теңгеге дейінгі қайтарымсыз грантқа өтінім бере алады. Ол үшін Ереженің 1-қосымшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша конкурсқа жан-жақты бизнес-жоспар сипаттамасын немесе бизнес-жобаңызды дамыту сипаттамасын ұсыну қажет.

2.6. Конкурс аясында (қосымша) қатысушылар:

- қаржы, маркетинг және сату салалары сияқты негізгі салалар бойынша білім алады;
- Қолданыстағы бизнесті дамыту немесе жаңа бизнес ашу үшін бизнес-жоспар жасайды;
- Бизнес-жоспарларын конкурсқа ұсынып, ұсынылған бизнес-модельді іске асыру үшін қайтарымсыз ақшалай гранттар немесе ЕҚДБ тарапынан бизнесті дамыту үшін қаржылық емес қолдау үшін конкурсқа қатысу мүмкіндігіне ие болады.

## 3. ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

3.1. Конкурсқа келесі тұлғалар қатыса алады:

- Әйелдер – 18 жасқа толған жеке тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер, Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар және тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар.

2.3. Конкурс проводится в рамках социального проекта по поддержке женского предпринимательства в Казахстане, победительницам которого предоставят гранты на безвозмездной основе для открытия или развития бизнеса.

2.4. Для участниц конкурса будет предоставлен бесплатный доступ к обучающему онлайн мини-курсу по трем модулям: “Финансы”, “Маркетинг” и “Продажи” для всех женщин-предпринимательниц, экспертов, и женщин, имеющих желание запустить свой бизнес.

2.5. После прохождения всех модулей обучающего курса, всех дополнительных вебинаров и тестов после каждого модуля можно будет принять участие в конкурсе на безвозмездный грант до 10 000 000 (десять миллионов) тенге. Для этого нужно представить на конкурс подробный бизнес-план-описание на создание или развитие вашего бизнес-проекта по утвержденной форме Приложения 1 к настоящим Правилам.

2.6. В рамках конкурса (факультативно) участницы смогут:

- получить знания в ключевых областях бизнеса, такие как финансы, маркетинг и продажи;
- разработать бизнес-план для развития существующего бизнеса или запуска нового;
- подать свои бизнес-планы на конкурс и поучаствовать в конкурсе за безвозмездные денежные гранты для реализации предоставленной бизнес-модели или нефинансовую поддержку для развития бизнеса от ЕБРР.

## 3. УСЛОВИЯ УЧАСТИЯ

3.1. Участниками Конкурса могут быть:

- Женщины - физические лица, в т.ч. индивидуальные предприниматели, достигшие 18 лет - граждане Республики Казахстан, а также иностранные граждане и лица без гражданства, имеющие вид на жительство в Республике Казахстан и постоянно проживающие на территории Республики Казахстан.

- Заңды тұлғалар – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, Конкурсқа өтінім берілген сәтте және грант алынған кезде олардың 100% құрылтайшысы әйел адам болуы тиіс.

3.2. Конкурстың жеңімпазы Ұйымдастырушымен немесе Серіктестермен еңбек қатынастарында тұрған тұлғалар әке шешесі немесе олардың жұбайлары және балалары бола алмайды.

3.3. Тыйым салынған қызмет түрлерімен айналысатын немесе «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жауапты қаржыландыру саясатына (1-қосымша) сәйкес рұқсат етілмеген жобалар мен бизнес-практикаларға жататын тұлғалар пен кәсіпорындар конкурс жеңімпазы бола алмайды.

3.4. Өтелмеген сот берешегі бар, Әділет министрлігі борышкерлерінің бірыңғай тізілімінде тұрған, сондай-ақ қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған тұлғалар мен кәсіпорындар Конкурстың жеңімпаздары бола алмайды.

3.5. Оның кредиттік тарихына сәйкес қаржылық міндеттемелері бойынша теріс кредиттік тарихы бар тұлғалар мен кәсіпорындар Конкурстың жеңімпаздары бола алмайды.

3.6. Конкурсқа қатысушы ретінде тіркеу нысанды 2025 жылғы 6 наурыздан бастап 2025 жылғы 23 наурызға дейін мына сілтеме бойынша толтыру арқылы жүзеге асырылады: https://www.bcc.kz/

3.7. Ұйымдастырушы белгілеген күндерден кеш келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

3.8. Ұйымдастырушы алынған ақпараттың құпиялылығына және жеке деректердің сақталуына кепілдік береді.

3.9. Ұйымдастырушы Конкурсқа қатысуға жібермеуге және/немесе тіркеу рәсімінен өтпеген не тіркеу барысында дәйексіз ақпарат ұсынған адамдарды Конкурсқа қатысуға

- Юридические лица – субъекты малого и среднего предпринимательства, в которых на момент подачи заявки на Конкурс и получения гранта 100% учредителем является женщина.

3.2. Победителями Конкурса не могут быть лица, состоящие в трудовых отношениях с Организатором и Партнерами Конкурса, мать, отец, супруг (супруга), дети такого лица.

3.3. Победителями Конкурса не могут быть лица и предприятия, подпадающие к Перечню неприемлемых видов деятельности, типов проектов и практик ведения бизнеса, согласно Приложения 1 к Политике ответственного финансирования АО «Банк ЦентрКредит».

3.4. Победителями Конкурса не могут быть лица и предприятия, имеющие непогашенную судебную задолженность, состоящие в едином реестре должников Министерства Юстиции, а также находящиеся в стадии реорганизации, ликвидации или банкротства, а также деятельность которых приостановлена в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

3.5. Победителями Конкурса не могут быть лица и предприятия, имеющие отрицательную кредитную историю по финансовым обязательствам согласно его кредитной истории.

3.6. Регистрация в качестве Участника Конкурса осуществляется путем заполнения формы с даты публикации настоящих правил 6 марта 2025 года до 23 марта 2025 года по ссылке: https://www.bcc.kz/

3.7. Заявки, поступившие позже установленных Организатором дат, не рассматриваются.

3.8. Организатор гарантирует конфиденциальность полученной информации и сохранность личных данных.

3.9. Организатор вправе не допускать к участию в Конкурсе и/или дисквалифицировать лиц, не прошедших процедуру регистрации, либо предоставивших в ходе регистрации недостоверную информацию.

жібермеуге және/немесе оларды шығаруға құқылы.

3.10. Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелуге арналған нысанды толтырып және Конкурсқа қатыса отырып, Қатысушы Конкурс өткізу ережелерін, сондай-ақ Конкурсқа қатысушының осы Ережеде көзделген барлық құқықтары мен міндеттерін сөзсіз қабылдайды.

3.11. Конкурсқа қатысушылар Ұйымдастырушының Конкурсқа қатысуына байланысты алған кез келген деректерін, оның ішінде аты-жөнін және видео бейнесін Ұйымдастырушы олардың алдын ала келісімін алмай және қандай да бір ақшалай төлемдерсіз жарнамалық және өзге де мақсаттарда пайдалана алатынымен келіседі.

3.12. Конкурсқа қатысушылар жобалармен жұмыс істеген кезде, сондай-ақ Конкурсқа қатысуға байланысты өзге де мақсаттар үшін пайдаланылатын зияткерлік меншік объектілеріне барлық құқықтарды иеленетініне кепілдік береді. Конкурсқа қатысушылар Конкурсқа қатысу барысында Конкурсқа қатысушылардың қандай да бір зияткерлік меншік объектілерін пайдалануына байланысты Ұйымдастырушыға және/немесе олардың қолдауымен Конкурс өткізілетін тұлғаларға үшінші тұлғалардың наразылықтары болмайтынына кепілдік береді. Осындай наразылықтар туындаған жағдайда Конкурсқа қатысушылар Ұйымдастырушыға және/немесе олардың қолдауымен Конкурс өткізілетін тұлғаларға осындай наразылықтарға байланысты залалды өтеуге кепілдік береді.

3.13. Конкурсқа әрбір қатысушының міндеті - осы Ереженің критерийлеріне сәйкес бизнес-жоспар әзірлеу.

3.14. Конкурсқа қатысушы өзін техникалық жабдықпен (ноутбук, планшет және т.б.) қамтамасыз етуді және Интернетті қосуды өз бетінше жүргізеді.

## 4. КОНКУРСТЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

3.10. Заполнив форму для регистрации в качестве Участника Конкурса и участвуя в Конкурсе, Участник безусловно принимает правила проведения Конкурса, а также все права и обязанности Участника Конкурса, предусмотренные настоящими Правилами.

3.11. Участники Конкурса соглашаются с тем, что любые их данные, в том числе имена, фамилии, и видеоизображения, полученные Организатором в связи с их участием в Конкурсе, могут быть использованы Организатором в рекламных и иных целях без получения их предварительного согласия и без денежных выплат какого-либо рода.

3.12. Участники Конкурса гарантируют, что они обладает всеми правами на объекты интеллектуальной собственности, используемые при работе над проектами, а также для иных целей, связанных с участием в Конкурсе. Участники Конкурса гарантируют, что третьи лица не могут иметь претензий к Организатору и/или лицам, при поддержке которых проводится Конкурс, в связи с использованием каких-либо объектов интеллектуальной собственности Участниками Конкурса в ходе участия в Конкурсе. В случае возникновения такого рода претензий Участники Конкурса гарантируют возмещение Организатору и/или лицам, при поддержке которых проводится Конкурс, ущерба, связанного с такими претензиями.

3.13. Задача каждого Участника Конкурса - разработать бизнес-план в соответствии с критериями настоящих Правил.

3.14. Участник Конкурса самостоятельно обеспечивает себя техническим оборудованием (ноутбук, планшет и т.п.) и подключение к Интернету.

## 4. ЭТАПЫ И СРОКИ ПРОВЕДЕНИЯ КОНКУРСА

4.1. **Бірінші кезең** – Өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 6 наурыздан 23 наурызға дейін өткізіледі. Осы кезеңде конкурс туралы промо науқан жүргізіледі, сондай-ақ қатысушыларды ақпараттандыру және тіркеу жүзеге асырылады.

4.2. Қатысушы, Өтінімнің электронды нысанының жолдарын толтырса, Ереженің шарттарымен келіссе және өзі көрсеткен электронды пошта мекенжайына тіркелгенін растауды алған болса, тіркелген болып есептеледі.

4.3. **Екінші кезең** – Конкурстың ашылуы 2025 жылғы 26 наурызда онлайн вебинар форматында өтеді. Вебинар барысында конкурстың басталғаны ресми түрде жарияланып, мақсаттары мен шарттары таныстырылады, сондай-ақ табысты әйел-кәсіпкерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп, ұйымдастырушылар мен серіктестер қатысушылардың сұрақтарына жауап береді.

4.4. **Үшінші кезең** – Оқыту курсы 2025 жылғы 27 наурыздан 8 мамырға дейін онлайн режимде Zoom платформасында өтеді.

4.5. Оқыту курсы үш негізгі бағытты қамтиды: қаржы, маркетинг және сату. Ол қатысушыларға өздерінің бизнес-жоспарын жүйелеуге және құруға көмектеседі. Курстың әрбір модулінен кейін Қатысушылар тесттен өтуі қажет. Курстан өту грант тағайындау конкурсына қатысудың міндетті шарты болып табылады. Оқыту курсының егжей-тегжейлі бағдарламасы 1-қосымшада қоса беріледі.

4.6. **Төртінші кезең** – Өтінімдерді жинау 2025 жылғы 9 мамырдан қоса алғанда 22 мамырға дейін жалғасады.

4.7. Осы кезеңде қатысушылар өздерінің бизнес-жоспарларын әзірлеп, оны бағалау үшін ұйымдастырушыларға жібереді. Бұл уақытта модульдер бойынша топтық сессиялар өткізіліп, нақты ұсыныстар беріледі. Бизнес-жоспарларды электронды форматта Конкурсты ұйымдастырушының келесі электронды поштасына жіберу қажет: business_aru@bcc.kz

4.1. **Первый этап** - Прием заявок - пройдет с 6 по 23 марта 2025 года включительно. Также в этот период будет проведена промо кампания о Конкурсе. В этот период будет проводиться информирование и регистрация участников.

4.2. Участник, считается зарегистрированным, если он заполнил поля электронной формы Заявки, согласился с условиями Правил и получил подтверждение регистрации на указанный им адрес электронной почты.

4.3. **Второй этап** - Открытие Конкурса – будет проведено 26 марта 2025 года в формате онлайн вебинара. В ходе вебинара будет официальное объявление о запуске конкурса, презентация целей и условий Конкурса, выступления успешных женщин-предпринимателей, делящихся своим опытом, а также сессия вопрос-ответ с организатором и партнерами Конкурса.

4.4. **Третий этап** – Обучающий курс – будет проведен с 27 марта по 8 мая 2025 года в онлайн режиме на платформе Zoom.

4.5. Обучающий курс охватывает три ключевые области – финансы, маркетинг и продажи и поможет Участникам структурировать и составить свой бизнес план. После каждого модуля курса Участникам необходимо пройти тест. Прохождение курса является обязательным условием участия в конкурсе на присуждение гранта. Подробная программа обучающего курса прилагается в Приложении 1.

4.6. **Четвертый этап** – сбор заявок - с 9 мая по 22 мая 2025 года включительно.

4.7. В этот период Участники Конкурса разрабатывают и отправляют свои бизнес-планы для оценки Организаторам Конкурса. В этот период будут проводиться групповые сессий по темам модуля, чтобы дать более специфические рекомендации и ответить на вопросы Участников. Бизнес-планы необходимо выслать в электронном формате на следующий электронный адрес Организатора Конкурса: business_aru@bcc.kz

4.8. **Бесінші кезең** – Бизнес-жоспарларды бағалау 2025 жылғы 23 мамырдан 1 маусымға дейін өтеді.
4.9. Осы кезеңде ұйымдастырушылар мен серіктестерден тұратын қазылар алқасы бизнес-жоспарларды мұқият бағалайды.
4.10. **Алтыншы кезең** – Марапаттау рәсімі және жабылу 2025 жылғы 7 маусымда Алматы қаласында офлайн форматта өтеді.
4.11. Осы іс-шарада конкурс жеңімпаздары жарияланып, марапатталады.
4.12. **Жетінші кезең** – Гранттарды бөлу және бизнес-жоспарларды жүзеге асыру 2025 жылғы 10 маусымнан 31 желтоқсанға дейін жалғасады.
4.13. Осы кезеңде жеңімпаздар өз бизнес-жоспарларын іске асырады және грант қаражатын пайдалану туралы және жобаларды іске асыру барысы туралы есептерді ұсынады.

4.8. **Пятый этап** – оценка бизнес планов - с 23 мая по 1 июня 2025 года.

4.9. В этот период жюри из представителей Организатора и Партнеров Конкурса проводёт детальную оценку бизнес-планов Участников.
4.10. **Шестой этап** – церемония награждения и закрытие – 7 июня 2025 года в оффлайн формате в г. Алматы.
4.11. На этом мероприятии будут объявлены и награждены победители Конкурса.
4.12. **Седьмой этап** – выделение грантов и реализация бизнес-планов – с 10 июня по 31 декабря 2025 года.

4.13. В этот период победители Конкурса будут реализовывать свои бизнес-планы, а также предоставлять отчеты об использовании грантовых средств и ходе реализации проектов.

## 5. ҚАТЫСУ ЖӘНЕ БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Грант алу конкурсына қатысу үшін:

- Конкурсқа тіркелу;
- Барлық оқу модульдерінен өту (2-қосымша);
- Ұйымдастырушының ұсынымдарына сәйкес бизнес-жоспар әзірлеу;
- Бизнес-жоспарды конкурсқа уақытында тапсыру қажет.

5.2. Конкурс қорытындылары қазылар алқасының бизнес-жоспарларды бағалауы негізінде шығарылады.
5.3. Қазылар алқасы ұйымдастырушы мен серіктестер өкілдерінен құралады.

5.4. Қазылар алқасы бизнес-жоспарды бағалауды осы Ережеде санамаланған критерийлерге сәйкес жүргізеді. Қазылар алқасы бағалауды өз қалауы бойынша жүзеге асырады және Конкурсқа қатысушылар Қазылар алқасының шешіміне күмән келтірмейді, бұдан басқа Ұйымдастырушы жекелеген Конкурсқа қатысушыларды Жеңімпаздар деп танымауға байланысты,

## 5. КРИТЕРИИ УЧАСТИЯ И ОЦЕНКИ БИЗНЕС-ПЛАНОВ

5.1. Для участия в конкурсе на получение грантов, необходимо:

- Регистрация на Конкурс;
- Прохождение всех модулей обучения (Приложение 2);
- Разработка бизнес-плана согласно рекомендация Организатора Конкурса;
- Своевременная подача бизнес-плана на конкурс.

5.2. Итоги Конкурса подводятся Жюри на основании оценки бизнес-планов.

5.3. Состав жюри формируется Организатором, из числа представителей Организатора и Партнёров Конкурса.
5.4. Жюри проводит оценку бизнес-плана в соответствии с критериями, перечисленными в настоящих Правилах. Жюри осуществляет оценку по своему собственному усмотрению, и Участники Конкурса не подвергают сомнению решение Жюри, кроме этого, Организатор не возмещает Участникам Конкурса никаких убытков, связанных с непризнанием отдельных Участников Конкурса Победителями, в том

оның ішінде жобаның белгіленген критерийлерге сәйкес келмеуіне байланысты ешқандай залалды Конкурсқа қатысушыларға өтемейді.

5.5. Қатысушылар немесе өзге де тұлғалар қазылар алқасының шешіміне араласуға немесе қайта қарауды талап етуге құқылы емес. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және шағымдануға жатпайды.

5.6. Бизнес-жоспарларды бағалау критерийлері:

**Негізгі критерийлер: бизнес-модель және қаржылық тұрақтылық**

- Айқындылық және сенімділік: бизнес-жоспар жақсы құрылымдалған және сенімді ме?
- Ауқымдылығы және өсу әлеуеті: бизнес тұрақты түрде өсіп, жаңа нарықтарға немесе клиенттердің сегменттеріне қарай кеңейе ала ма?
- Табыстың құрылымы және кірістілігі: табыстың нақты моделі бар ма және ол кірістілікті көрсете ме?
- Қаржылық тұрақтылық: қаржылық болжамдар ұзақмерзімді перспективада қаншалықты шынайы?

**Қосымша критерийлер: жобаларды бағалау кезіндегі қосымша артықшылықтар мысалдары**

- Креативтілік, бірегейлік және инновация: бизнес-идея немесе өнім қаншалықты бірегей немесе оригиналды?
- Технологияларды цифрландыру және интеграциялау: цифрлық шешімдерді немесе инновациялық технологияларды енгізу. Жобада ұсынылатын шешімдердің жаңалығы (өткізу арналары, маркетингтік стратегияны құру, өнім өндіру материалы/тәсілі).
- Экологиялық жауапкершілік: қоршаған ортаға әсерді барынша азайту, орнықты практикалар (мысалы, қалдықтарды қысқарту, қайта өңдеу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану).
- Қоғамдастық үшін пайдасы: бизнес жергілікті қоғамдастыққа оң әсер ете ме,

числе и в связи с несоответствием проекта установленным критериям.

5.5. Участники Конкурса или любые другие лица не вправе вмешиваться в работу жюри и/или требовать пересмотра принятого жюри решения. Решение жюри является окончательным и обжалованию не подлежит.

5.6. Критерии оценки бизнес-планов Участников:

**Базовые критерии: бизнес-модель и финансовая жизнеспособность**

- Ясность и убедительность: хорошо ли сформулирован и убедителен бизнес-план?
- Масштабируемость и потенциал роста: может ли бизнес устойчиво расти и расширяться на новые рынки или сегменты клиентов?
- Потоки доходов и прибыльность: существует ли четкая модель доходов и демонстрирует ли она прибыльность?
- Финансовая устойчивость: реалистичны и устойчивы ли финансовые прогнозы в долгосрочной перспективе?

**Дополнительные критерии: примеры дополнительных преимуществ при оценке проектов**

- Креативность, уникальность и инновационность: насколько уникальна или оригинальна бизнес-идея или продукт?
- Цифровизация и интеграция технологий: внедрение цифровых решений или инновационных технологий. Новизна предлагаемых в проекте решений (каналы сбыта, построение маркетинговой стратегии, материал/способ производства продукции).
- Экологическая ответственность: минимизация воздействия на окружающую среду, устойчивые практики (например, сокращение отходов, переработка, использование возобновляемых источников энергии).
- Польза для сообщества: оказывает ли бизнес положительное влияние на местное

мысалы, жұмыс орындарын құру, жас мамандардың дағдыларын дамыту және т.б.
● Әлеуметтік инклюзивтілік: инклюзивтілік бастамасы ықпал ете ме, мысалы, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, осал топтарды қолдау, ауылдық аудандарды дамыту.
● Өндірісті оқшаулау: жергілікті өндірісті іске қосуғ жергілікті жеткізушілерді қолдай отырып, бизнес жергілікті материалдарды немесе ресурстарды пайдалана ма.

● Жобаның тиімділігі, рентабельділігі және құны (бизнес-жобаны толық аяқтау үшін меншікті және тартылған капиталдың жеткіліктілігі, салыстырмалы талдауды келтіру).

## 6. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Үш грант қарастырылған, әрқайсысы 10 000 000 (он миллион) теңге, бұл қаражат ұсынылған бизнес-жоспарларды жүзеге асыруға арналған.
6.2. Үш қатысушы қазылар алқасының шешімімен грант жеңімпазы атанады.
6.3. Конкурс жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен анықталып, жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде жарияланады.
6.4. Үш жеңімпаз өз бизнес-жоспарын жүзеге асыру үшін 10 000 000 (он миллион) теңге көлемінде грант алады.

6.5. Қазылар алқасының шешімі бойынша қосымша жүлделер берілуі мүмкін. Бұл ЕҚДБ-ның білім беру немесе консалтингтік бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі түрінде болуы мүмкін.
6.6. Грант төлемін жүзеге асыру үшін Ұйымдастырушы жеңімпаз қатысушылардан грант төлеуге қажетті ақпаратты сұратады.

6.7. Грант төлемі қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырылады, яғни қаражат жеңімпаздың ағымдағы (есеп айырысу) шотына аударылады.
6.8. Жоба грант ұсыну шартына қол қойылған күннен бастап 6 ай ішінде жүзеге асырылуы

сообщество, например, создание рабочих мест, развитие навыков молодых специалистов и т.п.
● Социальная инклюзивность: способствует ли инициатива инклюзивности, например, расширение прав и возможностей женщин, поддержка уязвимых групп, развитие сельских районов.
● Локализация производства: запуск местного производства, использует ли бизнес местные материалы или ресурсы, поддерживая местных поставщиков.

● Эффективность, рентабельность и стоимость проекта (достаточность собственного и привлеченного капитала для полного завершения бизнес-проекта, приведение сравнительного анализа).

## 6. ПРИЗОВОЙ ФОНД

6.1. Количество выделяемых грантов - 3, каждый по 10 000 000 (Десять миллионов) тенге на реализацию предложенных бизнес-планов.

6.2. Три Участника Конкурса по решению жюри будут удостоены награды в форме гранта.
6.3. Победитель (-и) Конкурса определяется жюри и объявляется на церемонии объявления победителей.

6.4. Три Участника Конкурса, объявленные Победителями, получат грант в размере 10 000 000 (Десять миллионов) тенге на реализацию предложенных бизнес-планов.
6.5. Дополнительные призы по решению Жюри могут присуждаться в форме доступа к образовательной или консалтинговой программам ЕБРР.

6.6. Для осуществления выплаты грантов, Организатор запрашивает у Участников-Победителей информацию, необходимую для выплаты гранта.
6.7. Выплата Гранта производится в безналичном порядке путём перевода денежных средств на текущий (расчётный) счёт, Победителя Конкурса.
6.8. Проект должен быть реализован в течение 6 месяцев с момента заключения договора о

тиіс.

6.9. Грантқа қатысты салықты жеңімпаз өзі төлейді. Бұл үшін ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық сомасын ұстап қалып, оны бюджетке өз бетінше аударады.

6.10. Конкурстың жеңімпаздары грант қаражатын мақсатына сай және уақытылы пайдалану үшін жауапты болады.

6.11. Конкурс жеңімпаздары грант қаражатын пайдалану және жобаны іске асыру барысы туралы есептерді ұйымдастырушыларға ұсынуға міндетті. Сондай-ақ, ұйымдастырушылар грант қаражатының мақсатты пайдаланылуын тексеру үшін бизнес-жобаларға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады.

6.12. Егер жоба тиісті түрде орындалмаса, грант қаражаты мақсатсыз пайдаланылса немесе есеп беру мерзімі бұзылса, жеңімпаз грант қаражатын толық көлемде қайтаруға міндетті.

**7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

7.1. Конкурс бағдарламасы және оның өткізілуі туралы басқа да ақпарат Интернет желісінде https://www.bcc.kz/ сайтында жарияланады.

7.2. Конкурсқа қатысты кез келген сұрақтар бойынша қатысушылар ұйымдастырушыға төмендегі электрондық пошта арқылы хабарласа алады: amina.khassenova@bcc.kz, akbota.yeleussizkyzy@bcc.kz

7.3. Осы Ережені және/немесе осы Ережеде реттелмеген мәселелерді әртүрлі түсіндіруге жол беретін ахуал туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы түпкілікті шешімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қабылдайды. Бұл ретте Ұйымдастырушының шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

7.4. Конкурстың серіктестері мен олардың үлестес тұлғалары ұйымдастырушы болып табылмайды және Қазақстан

предоставлении гранта.

6.9. Налоги по гранту оплачивает Победитель. Для этого Организатор удерживает из гранта налоги в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и оплачивает его самостоятельно в бюджет Республики Казахстан.

6.10. Победители Конкурса несут ответственность за целевое и своевременное использование гранта, на цели реализации заявленных бизнес-планов.

6.11. Победители Конкурса принимают на себя обязательства по предоставлению отчетов об использовании грантовых средств и о ходе реализации проекта, а также предоставления доступа к бизнес-проекту Организаторам для проверки целевого использования гранта.

6.12. При ненадлежащем исполнении проекта, нецелевом использовании средств гранта и несвоевременной сдаче отчетности, Победитель обязуется осуществить возврат грантовых средств в полном объеме.

**7. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

7.1. Программа Конкурса, а также иная информация о его проведении публикуется в сети Интернет по адресу: https://www.bcc.kz/

7.2. По любым вопросам, связанным с проведением Конкурса, Участник может обратиться к Организатору по электронной почте: amina.khassenova@bcc.kz, akbota.yeleussizkyzy@bcc.kz

7.3. В случае возникновения ситуации, которая допускает неоднозначное трактование данных Правил, и/или вопросов, которые не урегулированы данными Правилами, окончательное решение принимается Организатором в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан. При этом решение Организатора является окончательным и не подлежит обжалованию.

7.4. Партнёры Конкурса и любые ее аффилированные лица не являются организатором и не несут ответственности за

Республикасының заңнамасын сақтауға немесе осы Ережелердің орындалуына жауап бермейді. Сондай-ақ, қатысушылардың шағымдары үшін жауапты емес.

7.5. Конкурсқа қатыса отырып, қатысушы осы Ережемен толық танысқанын және олармен толық келісетінін растайды.

7.6. Конкурс нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

7.7. Ұйымдастырушы мен Серіктестер дүлей апаттар, өрт, су тасқыны, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, қоршаулар, заңнамадағы елеулі өзгерістер және Ұйымдастырушы мен Серіктестер тарапынан бақылауға алынбайтын басқа да мән-жайлар туындаған жағдайда жауапты болмайды.

7.8. Осы Ережені Ұйымдастырушы Конкурс өткізу барысында өзгертуі және/немесе толықтыруы мүмкін. Осы Ережені Ұйымдастырушы бекіткен және олар Ереже туралы хабардар ету үшін белгіленген тәртіппен жарияланған жағдайда оларды өзгерту және/немесе толықтыру мүмкін болады. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар, егер осы Ережеге өзгерістермен/толықтырулармен өзгеше арнайы айқындалмаса, жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

**8. Қосымшалар**

**1-қосымша –** Бизнес-жоспар үлгісі
**2-қосымша –** Оқыту курсының бағдарламасы

соблюдение Организатором законодательства Республики Казахстан и настоящих Правил, а также не отвечают по претензиям Участников Конкурса.

7.5. Участник Конкурса, принимая участие в Конкурсе, тем самым подтверждает факт ознакомления с настоящим Положением и свое полное и безусловное согласие с ним.

7.6. Результаты Конкурса являются окончательными и не подлежат пересмотру.

7.7. Организатор и Партнеры не несут ответственности в случае наступления форс-мажорных обстоятельств, таких как стихийные бедствия, пожар, наводнение, военные действия любого характера, блокады, существенные изменения в законодательстве, и другие не поддающиеся контролю со стороны Организатора и Партнёров обстоятельств.

7.8. Настоящие Правила могут быть изменены и/или дополнены Организатором в течение проведения Конкурса. Изменение и/или дополнение настоящих Правил возможны в случае их утверждения Организатором и их опубликования в том же порядке, который определен для информирования о Правилах. Такие изменения и дополнения вступают в силу с момента публикации, если иное не будет специально определено непосредственно изменениями/дополнениями к этим Правилам.

**8. Приложения**

**Приложение 1 –** Форма бизнес-плана
**Приложение 2 -** Программа обучающего курса